

«Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі бойынша

2024 жылы 2 қыркүйек күні өткен

сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік

отырысының хаттамасы №1

Қатысқан: 11

Қатыспағаны:-

Күн тәртібі

1) 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысын жоспарлау. Жауапты: Жолжақсы Ш.

2) 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу. Жауапты: сынып жетекшілер

3) әр түрлі мәселелер

I. Сұрақ бойынша ДТІЖО Жолжақсы Ш сөз сөйледі.

-Құрметті әріптестер Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында құндылықтармен және оны іске асыру туралы ақпарат (пед кеңесте) айтылды және таныстырылды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды. 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2-қосымшасы ала отырып тәрбие жоспарын құру керектігін, Бір тұтас бағдарламасы аясында 6 құндылық бойынша жұмыс жасау керектігі, Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтылатының айтты. Әлеуметтік жобалармен іс-шаралардың тақырыптық күнтізбесімен таныстырды.

II. сұрақ бойынша сынып жетекшілер өз ойларын айтты.

Жумабекова Марал Серікқызы әр айдын дәйек сөздерін жоғары, орта, төменгі буын бойынша шығарып безендіріп іліп қоюды ұсынды. Ол ұсынысты барлық ұстаздар құптап, келісті.


III сұрақ бойынша әртүрлі мәселелер талқыланды, мектеп формасы туралы айтылды, мерекелік күндері ақ рубашка, қара көк костюм шалбар ер балалар, ал күнделікті күндері ашық-көк рубашка және қара-көк костюм шалбар, ал қыз балаларға ақ рубашка және қара көк юбка, суық күндері қара көк шапалар киюге болатыны қарастырылды.

Қаулы:

- 1) Тәрбие жұмыс жоспарын құру
- 2) Ата-аналармен жұмыс жоспарын құру

- 3) сынып бұрыштарын жаңалау, сынып жетекшілік құжаттарын реттеу, қалпына келтіру.
- 4) Тәрбие жұмысына қандай жаңашылдық енгізуге болатынын ойластырып келу

Сынып жетекші әдістемелік
бірлестігінің төрайымы:



Ш.Жолжақсы

Хатшы:



М.С.Жумабекова